

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне соттарда қаралатын істердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 31 наурыздағы N 292 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне соттарда қаралатын істердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

жоба

**"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне соттарда қаралатын істердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"
Қазақстан Республикасының Заңы**

Қазақстан Республикасының төмендегі заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 23, 335-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 17-18, 245-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 32, 33-құжаттар; N 17, 155-құжат; N 23-24, 192-құжат; 2003 ж., N 18, 142-құжат; 2004 ж., N 5, 22-құжат; N 23, 139-құжат; N 24, 153, 154, 156-құжаттар):

1) 50-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 8), 9) тармақтармен толықтырылсын:

"8) тиісті сараптама жүргізу;

9) осы кодекстің 55-тарауында көзделген тәртіппен құқықтық көмек алуға байланысты іс жүргізу әрекеттерін жүргізу қажет болған жағдайда сот іс бойынша басты сот талқылауын дәлелді қаулысымен тоқтата тұруы мүмкін.";

2) 70-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Адвокаттың қорғаушы ретінде қатысуына жол беріледі. Адвокатпен қатар

сезіктің және айыпталушының құқықтары мен мүдделерін қорғауға айыпталушының жұбайына (зайыбына), жақын туыстарына немесе заңды өкілдеріне, өз бірлестіктері мүшелерінің істері бойынша кәсіподақтың және басқа да қоғамдық бірлестіктердің өкілдеріне қорғаушы ретінде қатысуға жол беріледі. Шетелдік адвокаттарға, егер ол Қазақстан Республикасының тиісті мемлекетпен халықаралық шартында өзара негізде көзделсе, заңдарда белгіленген тәртіппен іске қорғаушы ретінде қатысуға жол беріледі.

" ;

3) 290-баптың екінші бөлігіндегі ", сондай-ақ Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының" деген сөздер алынып тасталсын;

4) 291-баптың төртінші бөлігіндегі "наразылықтары, ұсынымдары" деген сөздер "шағымдары, наразылықтары" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 2 9 2 - б а п т а :

бірінші бөліктегі "бірінші" деген сөз алынып тасталсын;

екінші бөлік алынып тасталсын;

үшінші, төртінші, 4-1-бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі алқасы облыстық және оларға теңестірілген соттардың заңды күшіне енбеген үкімдеріне апелляциялық шағымдар, прокурордың наразылықтары бойынша істерді, сондай-ақ осы соттардың заңды күшіне енбеген қаулыларына жеке шағымдарды, прокурордың наразылықтарын апелляциялық тәртіппен қарайды.

4. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қадағалау алқасы Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші сатыдағы соттардың үкімдері мен қаулыларына, облыстық және оған теңестірілген соттың, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты алқаларының апелляциялық қаулыларына, сондай-ақ алдын ала және қадағалау тәртібімен қабылдаған қаулыларына қадағалау шағымдары және наразылықтары бойынша істерді қарайды.

4-1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы осы Кодекстің 458-бабының үшінші бөлігінде көрсетілген негіздер бойынша Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қадағалау алқасының қаулысына наразылықтары бойынша істерді қарайды.";

6) 299-баптың екінші бөлігінде:

2) тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"істі алдын ала тыңдауды өткізу туралы шешімдердің бірін қабылдайды.";

3), 4), 5), 6) тармақтар алынып тасталсын.

7) 301-баптың бірінші бөлігіндегі "осы Кодекстің 299-бабы екінші бөлігінің 2)-6) тармақтарында көрсетілген" деген сөздер "істі қосымша тергеуге қайтару туралы, іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру туралы, істі қай соттың қарауына жататынына орай жіберу туралы, істі қысқарту туралы, қылмыстық істерді біріктіру туралы" деген сөздермен ауыстырылсын ;

8) 302-баптың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Басты сот талқылауы істің барлық мән-жайын жан-жақты, толық және әділ зерттеу үшін қажетті ақылға сыйымды мерзімде, бірақ екі айдан аспайтын уақытта аяқталуға тиіс. Бұл мерзім соттың дәлелді қаулысымен ерекше жағдайларда ұзартылуы мүмкін. Мерзімнің әр ұзартылуы бір айдан аспауға тиіс.";

9) 396-баптың бірінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының үкімдерін қоспағанда" деген сөздер алынып тасталсын;

10) 399-баптың бірінші бөлігіндегі "он" деген сөз "отыз" деген сөзбен ауыстырылсын;

11) 403-баптың үшінші бөлігіндегі "он" деген сөз "отыз" деген сөзбен ауыстырылсын;

1 2) 4 0 8 - б а п т а :

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Істі апелляциялық сатыда қарау күні істің апелляциялық сатыда мұқият зерделенуі, ал тараптар апелляциялық сатының отырысына қатысуға нақты мүмкіндік алатындай мерзім есепке алына отырып белгіленуге тиіс.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қамауда отырған сотталғаннан оның жағдайын нашарлатуға бағытталған шағымды немесе прокурордың наразылығын қарау кезінде апелляциялық сатыға қатысу туралы өтініш түскен жағдайда бірінші сатыдағы сот істі сотталғанның тікелей қатысуымен не ғылыми-техникалық құралдарды қолдана отырып қарау туралы қаулы шығарып, оны орындау үшін тиісті органға жібереді.";

үшінші бөлік мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Сотталған адамның жағдайының нашарлағаны туралы мәселе қойылған жәбірленушінің (азаматтық талапкердің) апелляциялық шағымы, прокурордың наразылығы бойынша іс қаралып жатқан кезде не іс бойынша сотқа дейін іс жүргізу және істі бірінші сатыда қарау айыпталушының қатысуынсыз жүргізілген жағдайларда адвокаттың апелляциялық сатыға қатысуы міндетті. Өзге жағдайларда адвокат апелляциялық сатыға осы Кодекстің 71-бабымен көзделген тәртіп бойынша қатыса алады." ;

1 3) 4 0 9 - б а п т а :

үшінші бөлік "егер олар мәлімделсе," деген сөздерден кейін "олар бойынша процеске қатысушылардың пікірін анықтайды, содан кейін сот" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Істі қарау іске қатысушылардың өздерінің апелляциялық (жеке) шағымдарының, наразылықтарының уәждері мен дәлелдерін, пікірлерін білдіре баяндауы, оларда білдірілген қарсылықтар ескеріле отырып сөз сөйлеу ретін анықтаудан басталады. Егер айыптаушы тараптың шағымында, наразылығында сотталғанның (ақталғанның)

жағдайының нашарлағаны туралы мәселе қойылса, қорғаушы тарап айыптаушы тараптың сөзі тыңдалғаннан кейін сөйлейді.";

14) 422-бап мынадай мазмұндағы тоғызыншы бөлікпен толықтырылсын:

"9. Апелляциялық сатының соты айқын қате жазуларды түзету және түсініксіз жағдайларды түсіндіру туралы мәселені қарау қажет болған жағдайда апелляциялық қаулының мәнін өзгертпей, қосымша қаулы шығаруға құқылы.";

15) 423-баптың екінші бөлігіндегі "жеті" деген сөз "он" деген сөзбен ауыстырылсын ;

16) 447-баптың бірінші бөлігіндегі екінші сөйлем алынып тасталсын;

17) 448-баптың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Апелляциялық сатының қаулысы ол жарияланған сәттен бастап заңды күшіне е н е д і . " ;

18) 458 және 459-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"458-бап. Сот қадағалауы тәртібімен қайта қарауға жататын сот актілері

1. Заңды күшіне енгеннен кейін:

1) бірінші сатыдағы соттардың үкімдері мен қаулылары;

2) апелляциялық және қадағалау қаулылары сот қадағалауы тәртібімен қайта қ а р а л у ы м ү м к і н .

2. Заңды күшіне енген ақтау үкімдері, сондай-ақ соттардың мемлекеттік және жеке айыптаушының осы Кодекстің 109, 110, 111-баптарында көзделген мәселелер бойынша айыптаудан бас тартуына байланысты шығарылған істі қосымша тергеу жүргізу үшін немесе жаңадан қарауға жіберу туралы қаулылары сот қадағалауы тәртібімен қайта қ а р а у ғ а ж а т п а й д ы .

Аса ауыр емес қылмыстар туралы заңды күшіне енген айыптау үкімдері Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қадағалау алқасында қайта қарауға жатпайды.

3. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты қадағалау алқасының қаулысын Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысында қайта қарауға алқа қабылдаған қаулы адамдардың өмірі, денсаулығы не Қазақстан Республикасының экономикасы мен қауіпсіздігі үшін орны толмас ауыр салдарға әкеп соғуы мүмкін екені туралы мәліметтердің анықталуына байланысты Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылығы бойынша ерекше жағдайларда жол беріледі.

4. Осы Кодекстің 459-бабында көрсетілген негіздер болмаған жағдайда жаза тым жеңіл деген уәжбен берілген қадағалау шағымы және наразылық қадағалау алқасының өндірісіне қабылданбауы тиіс.";

459-бап. Заңды күшіне енген үкімдер мен қаулыларды сот қадағалауы тәртібімен қайта қараудың негіздері

Заңды күшіне енген үкімдерді, қаулыларды сот қадағалауы тәртібімен қайта қарауға оларды шығару кезінде адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын

бұзуға жол берілуі, заңның дұрыс қолданылмауы не процессуалдық құқық нормаларының не дәуір бұзылуы, сондай-ақ сот актісінің мемлекеттің немесе қоғамның мүдделерін қозғауы не адамдардың өміріне, денсаулығына орны толмас ауыр зардап әкелуі мүмкін екендігі негіз болып табылады.

Өлім жазасы туралы үкімдер және өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасы қолданылған үкімдер қадағалау тәртібімен қайта қаралуға жатады.";

19) 460 - бапта :

екінші бөлікте :

1) тармақтағы "қылмыстық істер жөніндегі алқасы мен" деген сөздер алынып тасталсын ;

2) тармақтағы "және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі алқасына" деген сөздер алынып тасталсын;

3-1 және бесінші бөліктер алынып тасталсын;

20) 463, 464, 465 және 466-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"463-бап. Қадағалау шағымын немесе прокурордың наразылығын алдын ала қарау

1. Сот актісін қадағалау тәртібімен қайта қарау туралы қадағалау шағымы немесе прокурордың наразылығы облыстық және оған теңестірілген сот төрағасының, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Төрағасының тапсыруы бойынша алдын ала зерделенеді әрі облыстық және оған теңестірілген соттың немесе Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қадағалау алқаларының үш судьясының құрамында сотта қаралады. Қажет болған жағдайда қылмыстық іс сұратылуы мүмкін.

2. Шағым немесе прокурордың наразылығы түскен күннен бастап бір айдың ішінде, ал іс сұратылған жағдайда - іс түскен күннен бастап бір айдың ішінде қаралады.

3. Қадағалау шағымын немесе прокурордың наразылығын алдын ала қарау күні туралы прокурорға, сондай-ақ шағымды берген адамдарға хабарланады, алайда олардың келмеуі іс бойынша іс қозғауға негіздің бар немесе жоқ екендігі туралы мәселені сот қадағалауы тәртібімен шешуге кедергі болмайды.

464-бап. Қадағалау шағымын немесе прокурордың наразылығын алдын ала қараудың нәтижелері бойынша қабылданатын шешімдер

1. Қадағалау шағымын немесе прокурордың наразылығын алдын ала қараудың нәтижелері бойынша сот :

1) шағым беріліп отырған сот актісін қайта қарау бойынша қадағалау ісін қозғау және қадағалау шағымын, прокурордың наразылығын қылмыстық істі алдыра отырып қадағалау сатысында қарау туралы ;

2) шағым беріліп отырған сот актісін қайта қарау бойынша қадағалау ісін қозғаудан бас тарту туралы ;

3) қадағалау шағымын немесе прокурордың наразылығын кері қайтару туралы

қаулы

шығарды.

2. Соттың қадағалау шағымын немесе прокурордың наразылығын алдын ала қараудың нәтижелері бойынша шығарған қаулысында:

- 1) қаулының шығарылған күні мен орны;
- 2) шағымды, наразылықты қараған және қаулы шығарған тиісті сот судьяларының тегі мен аты - жөні;
- 3) дауланып отырған сот актісі көрсетіле отырып қаулы шығарылған іс;
- 4) қадағалау шағымының, наразылықтың иесі;
- 5) шағымда, наразылықта келтірілген дәлелдер;
- 6) шағымдалып отырған сот актісін қайта қарау немесе бұдан бас тарту не қадағалау шағымын, прокурордың наразылығын оларды берген адамдарға қайтару жөнінде қадағалау ісін қозғаудың негіздері;
- 7) осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген шешімдердің бірі жазылады.

3. Қадағалау шағымы немесе прокурор наразылығы оны берген адамға мынадай негіздер бойынша кері қайтаруға жатады:

1) қадағалау шағымы немесе прокурор наразылығы осы Кодекстің 462-бабының талаптарына сәйкес келмесе;

2) қадағалау шағымын немесе прокурор наразылығын заңды күшіне енген осы сот актісіне осы Кодекстің 460-бабына сәйкес шағым беруге, наразылық келтіруге құқығы жоқ адамдар берсе;

3) қадағалау шағымы немесе прокурор наразылығы осы Кодекстің 461-бабының екінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткеннен кейін берілсе;

4) қадағалау шағымы немесе прокурор наразылығы олар мәні бойынша қаралғанға дейін қайтарылып алынса;

5) қадағалау шағымы немесе прокурор наразылығы қадағалау сатысына соттардың қарауына жататын істердің осы Кодекстің 291, 292-баптарында белгіленген тәртібі бұзыла отырып берілсе;

6) осы Кодекстің 458-бабына сәйкес сот қадағалауы тәртібімен қайта қарауға жатпайтын сот актілеріне қадағалау шағымы берілсе немесе прокурор наразылығы келтірілсе;

7) қадағалау шағымы немесе прокурор наразылығы осы Кодекстің 459-бабымен көзделмеген негіздер бойынша берілсе.

Қадағалау шағымын және прокурор наразылығын қайтаруға негіз болған кемшіліктер жойылған жағдайда олар жалпы негізде қайта берілуі мүмкін.

4. Қадағалау шағымын немесе прокурордың наразылығын алдын ала қараудың нәтижелері бойынша қабылданған қаулы көшірмесі қадағалау шағымының немесе наразылықтың иесіне жіберіледі.

465-бап. Қадағалау сатысының сот отырысын тағайындау

1. Қадағалау сатысы соттың қадағалау ісін қозғау туралы қаулысын алғаннан кейін тараптарға қадағалау шағымының немесе прокурор наразылығының көшірмелерін жібереді, оларға істің қадағалау сатысында қаралатыны, сот отырысының күні, уақыты мен орны туралы хабарлайды.

2. Іс қадағалау сатысына түскен күннен бастап бір айдың ішінде немесе іс қадағалау ісін қозғау туралы қаулымен бірге қадағалау сатысына берілген күннен бастап бір айдың ішінде қаралуға тиіс. Дәлелді себептер болған жағдайда істі қарау мерзімі соттың дәлелді қаулысымен ұзартылуы мүмкін.

466-бап. Сот үкімінің, қаулысының орындалуын тоқтата тұру

1. Қадағалау шағымы немесе прокурор наразылығы сот отырысында қарағанға дейін сот шағым беріліп отырған, наразылық келтірілген сот актісін, егер қадағалау шағымында немесе наразылықта бұл туралы өтініш болса, қадағалау сатысында іс жүргізу аяқталғанға дейін тоқтата тұру туралы шешім қабылдауға құқылы.

2. Сот актісінің орындалуын тоқтата тұру туралы қаулы шағым беруге, наразылық келтіруге жатпайды, егер сот актісі орындауға жіберілмесе ол орындау үшін тиісті сотқа не оны орындайтын органға дереу жіберіледі.

3. Ақтау үкімдері немесе істі қысқарту туралы қаулылар тоқтата тұруға жатпайды.

4. Сот алдын ала қараудың қорытындылары немесе қадағалау шағымын немесе прокурор наразылығын мәні бойынша қарау туралы қаулы шығара отырып, шағым берілген, наразылық келтірілген актіні тоқтата тұру туралы қаулының күшін жояды.";

21) 471-баптың екінші бөлігі мынадай мазмұндағы 6) тармақпен толықтырылсын:

"6) Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің соттың сот актісін шығару кезінде қолданған заңды конституциялық емес деп тануы."

2. 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 21-22, 281-құжат; N 24, 338-құжат 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 10, 49-құжат; N 14, 109-құжат; N 15, 138-құжат; 2004 ж., N 5, 25-құжат; N 17, 97-құжат; N 24, 153-құжат) :

1) 28-баптың бірінші бөлігінің 2) тармақшасы алынып тасталсын;

2) 30 - бапта :

бірінші бөлікте 2) саны алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 1-2 бөлікпен толықтырылсын:

"1-2. Әскери соттар Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдардың әскери қызметшілерінің, әскери шақыруларға қатысып жүрген азаматтардың лауазымды адамдардың және әскери басқару органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану туралы азаматтық істерді қарайды. Әскери соттар, егер тараптардың бірі әскери қызметші, әскери басқару органдары, әскери мекемелер болып табылса, онда басқа да азаматтық істерді қарауға құқылы.";

3) 264-баптың екінші бөлігіндегі "он бес" деген сөздер "отыз" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 334-баптың үшінші бөлігіндегі "сот түпкілікті түрде шешім шығарғаннан кейін он бес күн" деген сөздер "сот шешімді жариялағаннан кейін отыз күн" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 3 4 4 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы "қаулылары" деген сөз "ұйғарымдары" деген сөзбен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "қаулыларына", "қаулы", "он" деген сөздер тиісінше "ұйғарымдарына", "ұйғарым", "отыз" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші бөліктегі "ұйғарым", "наразылық білдіруге" деген сөздер тиісінше "сот қаулысы", "наразылық келтіруге" деген сөздермен ауыстырылсын; "ұйғарым" деген сөзден кейін "осы кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын;

алтыншы бөліктің 1) тармақшасындағы "қаулыны" деген сөз "ұйғарымды" деген сөзбен, 2), 3) тармақшалардағы "қаулының" деген сөздер "ұйғарымның" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 384-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"384-бап. Сот қадағалауы тәртібімен қайта қарауға жататын сот актілері

1. Заңды күшіне енгеннен кейін:

- 1) бірінші сатыдағы соттың шешімдері және апелляциялық қаулылар;
- 2) бірінші сатыдағы соттың апелляциялық тәртіппен қаралған ұйғарымдары және істің әрі қарай жылжуына кедергі келтіретін апелляциялық қаулылар;
- 3) істе тарап болып табылмайтын адамдардың мүдделерін қозғайтын сот актілері сот қадағалау тәртібімен қайта қаралуы мүмкін.

2. Заңды күшіне енген сот бұйрықтары, бірінші сатыдағы соттың ұйғарымдары, осы баптың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген ұйғарымдарды, қаулыларды қоспағанда, сот қадағалауы тәртібімен қайта қарауға жатпайды.

3. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты қадағалау алқасының қаулысын қайта қарауға және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысында қарауға алқа қабылдаған қаулы адамдардың өмірі, денсаулығы не Қазақстан Республикасының экономикасы мен қауіпсіздігі үшін орны толмас ауыр салдарға әкеп соғуы мүмкін екені туралы мәліметтердің анықталуына байланысты Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылығы бойынша ерекше жағдайларда жол беріледі. " ;

7) 3 8 5 - б а п т а :

е к і н ш і б ө л і к т е :

- 1) тармақшада "азаматтық істер жөніндегі алқасы мен" деген сөздер алынып

т а с т а л с ы н ;

2) тармақшада "және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі алқасына" деген сөздер алынып тасталсын;

4-1 және бесінші бөліктер алынып тасталсын;

8) 386, 387-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"386-бап. Істі қадағалау тәртібімен қарайтын соттар

1. Облыстық және оған теңестірілген соттың қадағалау алқасы:

1) аудандық және оларға теңестірілген соттардың заңды күшіне енген шешімдеріне;

2) осы соттың азаматтық істер жөніндегі алқасының апелляциялық қаулыларына қадағалау шағымдары, прокурор наразылықтары бойынша істерді қарайды.

2. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қадағалау алқасы:

1) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі алқасының істерді бірінші саты бойынша қарау кезінде шығарған шешімдеріне, қаулыларына, ұйғарымдарына;

2) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі алқасының істерді апелляциялық тәртіппен қарау кезінде шығарған қаулыларына;

3) облыстық және оған теңестірілген соттың қадағалау алқасының қаулыларына немесе ұйғарымдарына қадағалау шағымдары бойынша істерді қарайды.

3. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы осы Кодекстің 384-бабының үшінші бөлігінде көрсетілген негіздер бойынша Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қадағалау алқасының қаулысына наразылықтары бойынша істерді қарайды.

387-бап. Заңды күшіне енген сот актілерін сот қадағалауы тәртібімен қайта қарау негіздері

Шешімдер мен қаулыларды шығару кезінде адамның конституциялық құқықтары мен нормаларының бұзылуы, талап сомасы он мың айлық есептік көрсеткіш сомасынан асқан жағдайда жеке тұлғалардың және талап сомасы отыз мың айлық есептік көрсеткіш сомасынан асқан жағдайда заңды тұлғалардың мүлiктік мүдделеріне байланысты істер бойынша материалдық немесе процессуалдық құқық нормаларының едәуір бұзылуы, не сот актісінің мемлекеттік немесе қоғамдық мүдделерді, мемлекет қауіпсіздігін қозғауы заңды күшіне енген шешімдер мен қаулыларды сот қадағалауы тәртібімен қайта қарау үшін негіз болып табылады.";

9) 392-бап алынып тасталсын;

10) 393, 394, 395 және 396-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"393-бап. Шағымды немесе прокурор наразылығын алдын ала қарау

1. Қадағалау шағымы немесе прокурордың наразылығы облыстық және оған теңестірілген сот төрағасының, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Төрағасының тапсыруы бойынша алдын ала зерделенеді әрі облыстық және оған

теңестірілген соттың немесе Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қадағалау алқаларының үш судьясының құрамында сотта қаралады. Қажет болған жағдайда азаматтық іс сұратылуы мүмкін.

2. Шағым немесе прокурордың наразылығы түскен күннен бастап бір айдың ішінде, ал іс сұратылған жағдайда - іс түскен күннен бастап бір айдың ішінде қаралады.

3. Қадағалау шағымын немесе прокурордың наразылығын алдын ала қарау күні туралы прокурорға, сондай-ақ шағымды берген адамдарға хабарланады, алайда олардың келмеуі іс бойынша іс қозғауға негіздің бар немесе жоқ екендігі туралы мәселені сот қадағалауы тәртібімен шешуге кедергі болмайды.

394-бап. Қадағалау шағымын немесе прокурор наразылығын алдын ала қараудың нәтижелері бойынша қабылданатын шешімдер

1. Қадағалау шағымын немесе прокурордың наразылығын алдын ала қараудың нәтижелері бойынша сот:

1) шағым беріліп отырған сот актісін қайта қарау бойынша қадағалау ісін қозғау және қадағалау шағымын, прокурордың наразылығын азаматтық істі алдыра отырып қадағалау сатысында қарау туралы;

2) шағым беріліп отырған сот актісін қайта қарау бойынша қадағалау ісін қозғаудан бас тарту туралы;

3) қадағалау шағымын немесе прокурордың наразылығын кері қайтару туралы қаулы шығарады.

2. Соттың қадағалау шағымын немесе прокурордың наразылығын алдын ала ажыраудың нәтижелері бойынша шығарған қаулыларында:

1) қаулының шығарылған күні мен орны;

2) шағымды, наразылықты қараған және қаулы шығарған тиісті сот судьяларының тегі мен аты - жөні;

3) дауланып отырған сот актісі көрсетіле отырып қаулы шығарылған іс;

4) қадағалау шағымының, наразылықтың иесі;

5) шағымда немесе наразылықта келтірілген дәлелдер;

6) қадағалау ісін қозғау немесе бұдан бас тарту не қадағалау шағымын, прокурордың наразылығын оларды берген адамдарға қайтару негіздері көрсетілуге тиіс;

7) қаулының қарар бөлігінде осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген шешімдердің бірі жазылады.

3. Қадағалау шағымы немесе прокурор наразылығы оларды берген адамға мынадай негіздер бойынша кері қайтаруға жатады:

1) қадағалау шағымы немесе прокурор наразылығы осы Кодекстің 391-бабының талаптарына сәйкес келмесе;

2) қадағалау шағымын немесе прокурор наразылығын заңды күшіне енген осы сот актісіне осы Кодекстің 385-бабына сәйкес шағым беруге, наразылық келтіруге құқығы

4) тармақшада "күшін жою" деген сөздерден кейін нүктелі үтір қойылып, "негіздер болып табылады" деген сөздер алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің сот актісін шығару кезінде сот қолданған заңды конституциялық емес деп тануы негіз болып табылады."

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті